

"Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпаратын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 283 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 1 тамыздағы № 605 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 5 тамызда № 19192 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпаратын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 283 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16950 болып тіркелген, 2018 жылғы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 213-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес" БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпаратын ұсыну қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу

туралы ақпаратын ұсыну қағидалары (бұдан әрі –Қағидалар) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 213-бабының 4-тармағына, сәйкес әзірленген және пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық (бір қаржы жылына арналған) және орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламаларын, сондай-ақ оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпаратын ұсыну тәртібін айқындайды.";

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3- қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі*

Р. Скляр

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму,
инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы
Индустрия және

инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 1 тамыздағы
№ 605 бұйрығына
1-қосымша

Пайдалы қатты қазбалар
саласындағы уәкілетті органға
тауарларды, жұмыстарды және
көрсетілетін қызметтерді сатып
алудың жылдық (бір қаржы
жылына арналған) және орта
мерзімді (бес қаржы жылына
арналған) бағдарламаларын,
сондай-ақ оператордың өтеулі
көрсетілетін қызметтерін
жоспарланған сатып алу туралы
ақпаратын ұсыну қағидаларына
1-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы

Индекс: 1-ЖСБ.

Мерзімділігі: жыл сайын.

Ұсынылатын тұлғалар тобы: пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар.

Қайда беріледі: пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы туралы ақпаратты пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Берілу мерзімі: жыл сайын бірінші ақпаннан кешіктірмей немесе пайдалы қатты қазбаларға арналған жер қойнауын пайдалануға арналған лицензия (келісімшарт) тіркелген күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) тіркеу нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	ӨСЖ бойынша ТЖКҚ коды	Сатып алынатын ТЖКҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алуға жоспарланған мөлшер	ҚҚС есепке алмағанда, сатып алуға жоспарланған сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Жеткізу орны	Сатып алуды өткізу қызмет көрсетуді бастау мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі

			Тауарлар						
			Жұмыстар						
			Көрсетілетін қызметтер						

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылардың атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ – тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

ӨСЖ – өнімнің статистикалық жіктеуіші;

ҚҚС – қосылған құн салығы.

Ескертпе: Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Тауарларды, жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтерді сатып
алудың жылдық
бағдарламаларының нысанына
қосымша

(1-ЖСБ, жыл сайын) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын жасау тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасының нысанын (1-қосымша) алдағы жылға жоспарланған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ақпаратпен толтыру жолымен жүзеге асырылады, ол әрбір тауар, жұмыс немесе көрсетілетін қызмет бойынша келесі тәртіппен жолма-жол, жеке тәртіпте толтырылады:

1) 1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) тіркеу нөмірі көрсетіледі;

2) 2-бағанда сатып алу затының коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда өнімнің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) статистикалық жіктеуішіне сәйкес 10 таңба деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі. 2000 жылға арналған жұмыс бағдарламасының әдіснамалық жұмыстарының 5.1-тармағына (Кеңес мақұлдаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы статистикалық қызметтерінің басшылары 1998 жылғы 11-16 қазан 16-отырыста және өзгертіліп 1999 жылғы 14-17 мамырдың 17-ші отырыста) сәйкес өнімнің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) сыныптауыштарға жіктеуішін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Статистикалық комитеті әзірледі және www.cisstat.com/class/razdel/skp2006_c.pdf интернет-ресурсына орналастырылған;

4) 4-бағанда сатып алынатын тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттар, қасиеттері және сипаттамалары) көрсетіледі);

5) 5-бағанда тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

6) 6-бағанда тауардың көрсетілген өлшем бірлігіне сәйкес заттай көріністе тауарды сатып алудың жоспарланған көлемі көрсетіледі. Баған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толтырылмайды;

7) 7-бағанда қосылған құн салығын есепке алмай тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланған сомасы мың теңгемен көрсетіледі (жүздік үлестермен бөлшек сан);

8) 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе қызметті сатып алу тәсілі көрсетіледі;

9) 9-бағанда тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу орны көрсетіледі;

10) 10-бағанда сатып алуды өткізу көрсетілетін қызметтерін көрсетудің басталу мерзімі көрсетіледі;

11) 11-бағанда қызметті көрсету мерзімі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 1 тамыздағы
№ 605 бұйрығына
2-қосымша

Пайдалы қатты қазбалар
саласындағы уәкілетті органға
тауарларды, жұмыстарды және
көрсетілетін қызметтерді сатып
алудың жылдық (бір қаржы
жылына арналған) және орта
мерзімді (бес қаржы жылына
арналған) бағдарламаларын,
сондай-ақ оператордың өтеулі
көрсетілетін қызметтерін
жоспарланған сатып алу туралы

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орта мерзімді (бес қаржы жылына арналған) бағдарламасы

Индекс: 1-ОСБ.

Мерзімділігі: жыл сайын.

Ұсынылатын тұлғалар тобы: пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар.

Қайда беріледі: пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы туралы ақпаратты пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Берілу мерзімі: жоспарланған бес жылдың кезеңнің бірінші жылының бірінші ақпаннан кешіктірмей келісімшарт жасалған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірмей.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған лицензияның (келісімшарттың) тіркеу нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	ӨСЖ бойынша ТЖКҚ коды	Сатып алынатын ТЖКҚ атауы мен қысқаша (қосымша) сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Заттай түрінде сатып алуға жоспарланған мөлшер	ҚҚС есепке алмағанда, сатып алуға жоспарланған сомасы, мың теңге	Сатып алу тәсілі	Сатып алуды өткізу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
			Тауарлар					
			Жұмыстар					
			Көрсетілетін қызметтер					

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылардың атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ТЖҚ - тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер;

ӨСЖ - өнімнің статистикалық жіктеуіші;

ҚҚС - қосылған құн салығы.

Ескертпе: Осы нысанды толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Тауарларды, жұмыстар мен
көрсетілетін қызметтерді
сатып алудың орта
мерзімді (бес қаржы жылына)
бағдарламаларының нысанына
қосымша

(1-ОСБ, жыл сайын) әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме

1) 1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттың нөмірі көрсетіледі;

2) 2-бағанда сатып алу затының коды көрсетіледі;

3) 3-бағанда өнімнің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) статистикалық жіктеуішіне сәйкес 10 таңба деңгейінде тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің коды көрсетіледі. 2000 жылға арналған жұмыс бағдарламасының әдіснамалық жұмыстарының 5.1-тармағына (Кеңес мақұлдаған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының статистикалық қызметтерінің басшылары 1998 жылғы 11-16 қазан 16-отырыста және өзгертіліп 1999 жылғы 14-17 мамырдың 17-ші отырыста) сәйкес өнімнің (тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің) сыныптауыштарға жіктеуіші Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Статистикалық комитеті әзірледі және www.cisstat.com/class/razdel/skp2006_c.pdf интернет-ресурсына орналастырылған;

4) 4-бағанда тауардың, жұмыстың немесе көрсетілетін қызметтің атауы және қысқаша (қосымша) сипаттамасы (техникалық шарттар, қасиеттері және сатып алынатын сипаттамалары) көрсетіледі;

5) 5-бағанда тауардың өлшем бірлігі көрсетіледі;

6) 6-бағанда заттай көріністе тауарды сатып алудың жоспарланған көлемі көрсетіледі;

7) 7-бағанда қосылған құн салығы есебінсіз тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жоспарланған сомасы құндық көріністе мың теңгемен көрсетіледі (жүздік үлестері бар бөлшек сан);

8) 8-бағанда тауарды, жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу тәсілі көрсетіледі;

9) 9-бағанда тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүргізу мерзімі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің
2019 жылғы 1 тамыздағы
№ 605 бұйрығына
3-қосымша

Пайдалы қатты қазбалар
саласындағы уәкілетті органға
тауарларды, жұмыстарды және
көрсетілетін қызметтерді сатып
алудың жылдық (бір қаржы
жылына арналған) және орта
мерзімді (бес қаржы жылына
арналған) бағдарламаларын,
сондай-ақ оператордың өтеулі
көрсетілетін қызметтерін
жоспарланған сатып алу туралы
ақпаратын ұсыну қағидаларына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысан

Оператордың өтеулі көрсетілетін қызметтерін жоспарланған сатып алу туралы ақпарат

Индекс: 1-ЖС.

Мерзімділігі: жыл сайын.

Ұсынылатын тұлғалар тобы: пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар.

Қайда беріледі: пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасы туралы ақпаратты пайдалы қатты қазбалар саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Берілу мерзімі: оператордың өтемдік қызметтерін тартқан жағдайда.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның (келісімшарттың) тіркеу нөмірі	Сатып алынатын заттың коды	Өнімнің статистикалық жіктеуіші бойынша көрсетілетін қызметтің коды	Сатып алуды өткізу орны	Сатып алуды өткізу мерзімі	Сатып алу көлемі
1	2	3	4	5	6

Пайдалы қатты қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылардың атауы _____

Мекенжайы _____

Телефон _____

Электрондық почта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ қолы, телефон

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) _____ қолы

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлер болып табылатын тұлғалардан қоспағанда)

Ескертпе: Осы нысанды толтыру бойынша түсiнiктеме осы нысанға қосымшада келтiрiлген.

Оператордың өтемдiк
қызметтердi жоспарланған
сатып алу нысанға
қосымша

(1-ЖС, жыл сайын) оператордың өтемдiк қызметтерiн жоспарланған сатып алу туралы жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсiндiрме

Оператордың өтемдiк қызметтердi жоспарланған сатып алуды жасау (3-қосымша) ақпаратпен жолма-жол, әрбiр келiсiмшарт бойынша жеке мынадай тәртiппен толтырылады:

1) 1-бағанда жер қойнауын пайдалану жөнiндегi операцияларды жүргiзуге арналған актiнiң тiркеу нөмiрi көрсетiледi;

2) 2-бағанда сатып алу затының коды көрсетiледi;

3) 3-бағанда өнiмнiң (тауарлар мен көрсетiлетiн қызметтердiң) статистикалық жiктеуiшiне сәйкес 10 таңба деңгейiнде тауардың, жұмыстың немесе көрсетiлетiн қызметтiң коды көрсетiледi. (Кеңес мақұлдаған Тәуелсiз Мемлекеттер Достастығының статистикалық қызметтерiнiң басшылары 1998 жылғы 11-16 қазан 16-отырыста және өзгертiлiп 1999 жылғы 14-17 мамырдың 17-шi отырыста) 2000 жылға арналған жұмыс бағдарламасының әдiснамалық жұмыстарының 5.1-тармағына сәйкес өнiмнiң (тауарлар мен көрсетiлетiн қызметтердiң) сыныптауыштарға жiктеуiшiн Тәуелсiз Мемлекеттер Достастығының Статистикалық комитетi әзiрледi және www.cisstat.com/class/razdel/skr2006_c.pdf интернет-ресурсына орналастырылған;

4) 4-бағанда сатып алуды өткiзу орны көрсетiледi;

5) 5-бағанда сатып алуды өткiзу мерзiмi көрсетiледi;

6) 6-бағанда сатып алудың жоспарланған көлемi көрсетiледi.